



Ақтөбе облысы әкімдігінің
2014 жылғы «04» «маусым»
№180 қаулысымен
бекітілген

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
«Ойыл аграрлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны
ЖАРҒЫСЫ**

*(Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы № 22 «Білім беру
ұйымдарының құрылтай құжаттарына толықтыру енгізу туралы»*

Қаулысымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді)

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
«Ойыл аграрлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аграрлық колледжі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) кәсіптік білім беру қызметін жүзеге асыру үшін жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 5 маусымдағы № 188 қаулысы негізінде мемлекеттік мекеме қайта құру жолымен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып қайта ұйымдастырылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік меншік құқығын «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аграрлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: пошта индексі 030900, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Жолмырзаев көшесі 42А ғимараты.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы жазылған мөрі болады.

9. Кәсіпорын, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні: техникалық және кәсіби білімді мамандық бойынша теориялық білімі және тәжірибелік шеберлігі бар білікті маман дайындау.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты: сапалы білім беруі үшін қажетті жағдай жасау, ұлттық негіздегі ғылым мен практика жетістіктерін, адамзат құндылықтарын меңгерген кәсіби маман жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастыруды бағыттау.

14. Кәсіпорын мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) еңбектің нарық талабына сай кәсіби білікті мамандарды даярлауда үнемі сапаны жетілдіріп отыру;

2) орта немесе бастауыш кәсіптік білімі бар жұмыс жасайтын мамандардың біліктілігін көтеру;

3) оқу жоспарының құрылымы, оқу бағдарламасы және басқа да әдістемелік құжаттар даярлау;

4) оқу-тәрбие жоспарлары қазақ және орыс тілдерінде жүргізу;

5) оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

6) жеке және заңды тұлғалармен келісім жасау арқылы жұмысшы мамандарды курстық даярлау;

7) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануын қамтамасыз ету;

8) техникалық және қызмет көрсететін мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

9) оқу-өндірістік шеберханасы жасаған, оқу шаруашылығы, оқу-тәжірибе учаскелерінің өндірген өнімдерін тарату және өндірісті ұйымдастыру;

10) қолданыстағы заңдылыққа сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен орындалатын, мемлекеттік тапсырыстарды алу үшін конкурстарға (тендерлерге) қатысу;

11) шетел тәжірибелерін зерттеу және алмасу үшін халықаралық байланыс жасау, өндірістік оқу шеберлері мен оқытушылардың біліктілігін көтеруге, Қазақстан Республикасы заңдылықтарымен тыйым салынбаған басқа да қызметтер түрлеріне қатысу болып табылады.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Мемлекеттік кәсіпорын қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле

тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен, немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

17. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5 - бөлімінде көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

20. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

21. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін, таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін жеке жауаптылықта болады;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Кәсіпорынның мүлкі

23. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

24. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

25. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен қалыптастырылады.

26. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

27. Шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына кайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Шаруашылық жүргізудегі (жедел басқару) мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

30. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

31. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Кәсіпорын (жедел басқару құқығында) осы Жарғының 32 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана (немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) беруге және есептен шығаруға құқылы.

33. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Білім беру қызметін ұйымдастыру

34. Білім беру қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен реттеледі, мазмұны:

- 1) іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының тізбесін;
- 2) білім беру ұйымдарында қабылдау тәртібі;
- 3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілін (тілдерін), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимін;
- 4) білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізудің нысандарын және тәртібін;

7) өзге де ақылы қызметтер көрсету (оқу-көмекші және қосалқы шаруашылықтардың өндірістік қызметі; оқу-тәжірибелік учаскелердің өнімдерін өткізу; оқу-әдістемелік әдебиеттерді өткізуден алынған қаражат; тәрбиеленушілердің оқу-өндірістік; шеберханалардағы, қосалқы шаруашылықтардағы, кәсіпорындар мен басқа да ұйымдардағы жұмысы үшін алынатын қаражат).

45. Ақылы қызметтер көрсету тәртібі кәсіпорынның заңды және жеке тұлғалармен жасаған шарттарымен реттеледі.

46. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаржылар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі №1102 қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесінде белгіленген мақсаттарға жұмсалады.

8. Кәсіпорынның техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасы

47. Техникалық және кәсіптік білім беруге арналған кәсіптік оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта және техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтардан мемлекеттік жалпы білім стандартына сәйкес мемлекеттік лицензияда көрсетілген мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білімді мамандар даярлайды, кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша техникалық және кәсіптік білім береді, орта білімнен кейінгі білім береді, сұраныстар негізінде орта кәсіптік білікті мамандардың біліктілігін көтеруді жүзеге асырады.

48. Білім берудің жүзеге асырылатын бағдарламаларының тізімі:

- «Дене тәрбиесі және спорт»;
- «Тамақтандыруды ұйымдастыру»;
- «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттау»;
- «Есеп және аудит»;
- «Жылу қуаттылық, жылу жүйелік қазан құрылғылары жылу электр станциялары»;
- «Электрлік және электромеханикалық қондырғылар»;
- «Дәнекерлеу ісі»;
- «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету»;
- «Құрылыс ғимараттарын салу және пайдалану»;
- «Ішкі санитарлық техникалық құрылғыларды желдету және инженерлік жүйелерді құру және пайдалану»;
- «Фермерлік шаруашылық»;
- «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»;
- «Ветеринария».

9. Кәсіпорынға оқушыларды қабылдау тәртібі

49. Колледжге негізгі орта, жалпы орта және техникалық және кәсіптік білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады. Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмайтын шетел мемлекеттерінің басқа азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, шарттармен қарастырылған тәртіпте колледжге қабылданады.

50. Оқушыларды қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциямен, заңдылығымен белгіленген азаматтардың білім алу құқын сақтау қамтамасыз етіледі.

51. Қазақстан Республикасының азаматтары жоспар және мемлекеттік стандарт талаптары шегінде (конкурс негізінде) білім алуға құқылы.

52. Арыз беру тәртібі мен мерзімдерін, қабылдау емтихандарының өткізілу кестесін колледж белгілейді.

53. Колледжге оқуға түсушілер қабылдау емтихандарын мемлекеттік тілде немесе ресми қолданылатын тілде тапсыра алады.

54. Түсу емтихандарының қабылдау нысанын (тестілеу немесе емтихандық билеттермен немесе тапсырмалармен) колледж белгіледі.

55. Емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға алғандар және себепсіз емтиханға келмегендер келесі емтихандарға жіберілмейді.

56. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жіберілмейді.

57. Колледждің қабылдау комиссиясының ашық отырысында, мамандықтар, оқыту тілдері бойынша конкурс бөлек өткізіліп, оқуға қабылданады.

58. Колледждің қабылдау комиссиясына өзге колледждер мен жоғары оқу орындарына конкурс бойынша өтпегендерді бекітілген үлгідегі анықтама негізінде осы оқу орнында барлық емтиханнан өткендер оқуға қабылданғаннан кейін қалған орындарға қабылдау құқығы беріледі.

59. Колледж оқушысы болып колледжі директорының бұйрығымен оқушылар қатарына қабылданған жеке тұлғалар есептеледі.

60. Колледжге түсушілерден құжаттарды қабылдауды, түсу емтихандарын жүргізуді және оқушылар құрамына қабылдауды ұйымдастыру үшін Қабылдау комиссиясы туралы Ережеге сәйкес қабылдау комиссиясы құрылады. Колледжге оқушылар қабылдауда қабылдау комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының заңдылығымен бекітілген жариялық пен жұмыстың ашықтылығын, білім алу жөніндегі азаматтардың құжаттарын сақтауды қамтамасыз етеді.

10. Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестациясын, білімін, іскерлігін және дағдыларын ағымды бақылау жүйесі, оларды өткізу түрлері мен тәртібі

61. Білім алушылардың аралық аттестаттау және ағымдағы бақылау тізімі мен түрін колледж оқу жылының басында белгілейді.

62. Емтиханға барлық тәжірибелік және теориялық жұмыстарды толық орындаған және сынақтар, ағымдағы білімді есепке алу қорытындылары бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы болмаған жағдайда ғана оқушылар жіберіледі. Егер білім алушының 1-2 пәннен қанағаттанарлықсыз бағасы болса емтиханға білім беру ұйымы басшысының рұқсатымен, ал екеуден көп қанағаттанарлықсыз бағасы болса, педагогикалық кеңесте шешіледі.

63. Емтихан материалдарын әрбір оқу пәнінің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады, теориялық білімдері, тәжірибелік іскерліктері, дағдылары толық көлемде тексеріледі.

64. Әр семестр аяқталысымен оқытушылар барлық оқытылған оқу пәндері бойынша білім алушылардың қорытынды үлгерім бағаларын пәндерден емтихан тапсыратын, тапсырмайтынына қарамастан ағымдағы білімдерін есепке ала отырып шығарады. Емтихан бағасы қорытынды баға болып есептелінеді.

65. Білім алушыларға емтихандарға даярлау кезеңінде кеңес беруге бөлінген жалпы бюджет уақыты есебінен емтихан материалдарынан кеңес беру өткізіледі.

66. Емтихандар өткізілерден бұрын дайын болуы тиіс:

- емтихан билеттері (емтихандық бақылау тапсырмалары);
- тест тапсырмалары;
- емтихан ведомосы;

67. Емтихандар арнайы әзірленген сыныптарда өткізіледі.

68. Емтихан мен сынақтарды сол пәннен семестр бойы сабақ берген оқытушы қабылдайды.

69. Ауызша емтихан өткізілгенде әр оқушыға академиялық уақыттың 1/3, ал жазбаша емтихан өткізілгенде оқу тобы үшін 3 академиялық сағаттан кем болмауы тиіс.

70. Дәлелді себептермен келмеген білім алушыға оқу орнының басшысы емтихан тапсырудың жеке мерзімін белгілейді.

71. Аралық аттестаттау қорытындылары бойынша үшеуден артық қанағаттанарлықсыз деген баға алған білім алушылар педагогикалық кеңестің шешімі бойынша колледжден шығарылады.

72. Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа колледж директорының бұйрығымен аралық аттестаттаудан соң 10 күн мерзімінде көшіріледі.

73. Кәсіптік тәжірибе, арнайы кәсіптік және жалпы білім беретін пәндерден сынақ тапсыру нәтижесі білім алушылардың білімі (5-«өте жақсы», 4- «жақсы», 3 – «қанағаттанарлықсыз») бағаланады.

11. Кәсіпорын ғимараттарына алып кіруге және қолдануға болмайтын заттардың тізімі

74. Кәсіпорын ғимаратына қызметкерлер мен білім алушыларға, келушілерге келесі қадалғыш/кескіш қарулар мен өткір заттар түрлерін өзімен бірге алып жүруге тыйым салынады:

1) Қарулар:

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/көздеуіштерден басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- травматикалық және жарық-дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар.

2) Қадалғыш/кескіш қарулар мен өткір заттар:

- балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;

- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктелмелі жолға арналған пышақтар;
- бекіністік құрал-саймандар.

12. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

75. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

76. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

77. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

78. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

13. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

79. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыруды басқарудан алынған мүліктерден құралады.

14. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

80. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына (жедел басқару құқығындағы) сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

81. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

82. Байқау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының немесе Ақтөбе облысы әкімдігінің бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

15. Кәсіпорынның жауапкершілігі

83. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорының қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

84. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

16. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу

85. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

86. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

17. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

87. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

88. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

18. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру мен тарату

89. Колледжді қайта құру немесе тарату Қазақстан Республикасы заңдылығына сәйкес жүзеге асырылады.

90. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде қаралған басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

19. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

91. Кәсіпорынның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының немесе Ақтөбе облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүзеге асырылады, және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік

тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«Ойыл аграрлық колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны директоры**



С.Г.Займолдин

УСТАВ

государственного коммунального казенного предприятия «Уилский аграрный колледж» государственного учреждения «Управление образования Актюбинской области»

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Уилский аграрный колледж» государственного учреждения «Управление образования Актюбинской области» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно - правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Государственное учреждение реорганизовано путем преобразования в государственное коммунальное казенное предприятие на основании постановления акимата Актюбинской области от 5 июня 2009 года № 188.

3. Учредителем Предприятия является акимат Актюбинской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет государственное учреждение «Управление финансов Актюбинской области» (далее уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управление образования Актюбинской области» (далее уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия: государственное коммунальное казенное предприятие «Уилский аграрный колледж» государственного учреждения «Управление образования Актюбинской области»

7. Место нахождения Предприятия: индекс 030900, Республика Казахстан, Актюбинская область, Уилский район, село Уил, улица Жолмырзаева, здание 42А.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является подготовка квалифицированных специалистов с техническим и профессиональным образованием, имеющих необходимые теоретические знания и практические навыки по конкретной специальности;

13. Целью деятельности Предприятия является создание необходимых условий для получения качественного образования, направленного на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики.

14. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

- 1) постоянное совершенствование качества подготовки квалифицированных специалистов с учетом требований рынка труда;
- 2) повышение квалификаций работающих специалистов, имеющих среднее или начальное профессиональное образование.
- 3) разработка учебных планов, учебных программ и другой методической документации;
- 4) осуществление учебно-воспитательной работы на казахском и русском языках обучения;
- 5) повышение квалификации специалистов различного профиля и переподготовки кадров;
- 6) курсовая подготовка рабочих специальности по договорам с физическими и юридическими лицами;
